4) «Жылымық» кезеңіндегі қоғамдық-саяси өмірдегі бастамалары өте маңызды. Себебі, Сталин қайтыс болғаннан кейін жаңа дәуір басталды. 1953-1955 жылдарда Н.Хрущевтің бастамасымен «ГУЛАГ» жойылды. Лагерьдегі жазықсыз отырғызылған мыңдаған адамдарды босатты.

Жылымық Қазақстан үшін үлкен өзгерістер алып келді. Себебі, өнеркәсіптер қарқынды дамыды, әскери өнеркәсіптік орындарға қолдау көрсетілді. 1956 жылы ақпанда КОКП XX съезінің шешімі бойынша Н. Хрущевтің айтуынша Сталиннің жеке басына табынушылық және оның зардаптары туралы қаулы дайындады.

Хрущевтің шешімімен бұл алынып тасталды. 1958 жылы Қазақстан өнім шығаруда одақтас республикалар бойынша 3-орынға шықты. 1963 жылы ядролық қаруды ауада, ғарыш кеңестігінде, суда жаруға тыйым салынды. 10 жылға созылған «Жылымық» кезеңі Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне жаңа өзгерістер алып келе отырып, дамуынада үлес қосты.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned by TapScanner

1) Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары халық-
тың әлеуметтік-экономикалық жағдайы
нашарлады. Азық-түліктің негізгі түрлері-
нан мен ұннан жасалынған тағамдарға ба-
ға төмендетілді. Алайда баға төмендетіл-
генмен, КСРО-ның кейбір аумақтарында
ашаршылық орын алды. 1931-1933 жыл-
дардағы ашаршылық пен Ұлы Отан со-
ғысы нәтижесінде төмендеп кеткен эко-
номиканы арттыру үшін 1950 жылдар-
дан бастап Қазақстанда әлеуметтік
іс-шаралар жүргізілді. Мектептерде он-
жылдық білім енгізілді. Ауруханаларды
салумен қатар тегін дәрігерлік көмекке
мүмкіндік жасады. Жалақы мөлшері өс-
ті және азық-түлік бағасы арзандады.
Балалы әйелдерге берілетін жәрдемақы
артты. Әлеуметтік іс-шаралардың
арқасында соғыстан кейін Қазақстан-
ның әлеуметтік-экономикасы қарқын-
ды дамыды. Халықтың хал-ахуалы жақ-
сарды. Соғыстан кейінгі іс-шаралардың нә-
тижесінде сауда алық жүргізілді және
халық жалақысын жаңа ақшамен алды.
Өткізілген әлеуметтік іс-шаралар ха-
лықтың жағдайын жақсартуға зор ықпа-
лын тигізді.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned by TapScanner

Шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

3) 20 жылдардың ортасынан орнаған қатаң
әміршіл-әкімшіл жүйе 40-50 жылдарда
өз жалғасын тапты. Саяси жүйеге
адам еркіндігін басып-жаныштау, оның
құқықтарын жоққа шығару тән болды.
Республикада И.В Сталиннің жеке басына
табынушылық қалыптасты. Қандай да
бір қол жеткізілген табыстар мен же-
тістіктер И.В. Сталиннің кемеңгерлік
басшылық жасай білуімен байланыс-
тырылды. Жасалған кемшіліктер мен
сәтсіздіктер жөнінде мүлдем айтыл-
мады. Осының бәрі Қазақстанның қо-
ғамдық-саяси дамуына қолайсыздық
тудырды. Сталиннің жеке басына та-
бынушылықтың үстемдігі артты. Қуғын
сүргін қайта жалғасты және қуғынға
ұшыраған халықтардың құқықтары
бұзылды. Өндірісте орын алған ақаулар
мен сәтсіздіктерді «халық жаулары-
ның ісі» деп айып тағылды.

Жауап парағы / шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

КСРО-да тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны 1954-1960 жылдары жүргізілді. Соғыстан кейінгі ауыл шаруашылықта құрғақшылық орын алды. Ауылшаруашылық машиналарының көбі соғыста істен шықты, жаңа машиналар саны аз болды. Қазақстанда астық өндіруді арттыру үшін Никита Хрущев Республиканы шығайту керек деп шешім қабылдады. Тың игеруге еліміздің әр аймақтарынан жұмысшылар келді. Тың игерудің салдарынан топырақ эрозияға ұшырады. Мыңдаған гектар жерлер тартып алынып, мал шаруашылығы орны толмас шығынға ұшырады. Экономика, ғылым, мәдениет салалары дамығанмен әр аймақтан адамдар көшіп келуіне байланысты қазақ мектептері азайды. Орыстандыру саясаты жүргізілді. Тың өлкесінде темір жол және байланыс бекеттерінің саны 337 жаңа астық кеңшары салынып, астық бағасы төмендеді. Қазақстан ірі астық өндірушіге айналғанымен ет, сүт өнімдерінің тапшылығынан халық зардап шекті.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned by TapScanner

2) Соғыстан кейінгі кезеңде экономиканы одан әрі әскерилендіру жалғасты. Себебі, сол кезеңде әскери өнімдер мен ірі зауыттары қажет ететін уақыт еді. Қазақстан аумағында аса қуатты-өнеркәсіп кешені қалыптасты. 50-ге жуық қорғаныстық мәні бар кәсіпорындар құрылды. Ауыр өндірістің көптеген кәсіпорындары халық шаруашылығына зиян келтіре отырып, бүкілодақтық ведомстволар республика мүдделерімен санаспады. 1949-1989 жылдары аралығында 456 жарылыс жасалды. Жерлеріне көптеген шөптер шықпады, жерлерімізге басқа елдер қоныстанды, әр түрлі ма-рылыстар болды, жұт болды. Жарылыстардың әсері адамның психологиясына әсер етті. Адамдарда фобия, қорқыныш үрей пайда болды. Ядролық сынақ алаңының демографияға әсері адамның мінез-құлқына әсер етті.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned by TapScanner